

Бюджет қарыздары бойынша есеп жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 18 қазан N 1343

Республикалық ұланның "Алматыоблауырқұрылыс" акционерлік қоғамына орындалған жөндеу-құрылыс жұмыстары үшін қарызын қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1995 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша "Алматыоблауырқұрылыс" акционерлік қоғамы мен республикалық бюджет арасындағы қосылған құнға салынатын салық бойынша 11848 мың (он бір миллион сегіз жүз қырық сегіз мың) теңге сомасындағы, заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша 3455 мың (үш миллион төрт жүз елу бес мың) теңге сомасындағы, барлығы жалпы сомасы 15303 мың (он бес миллион үш жүз үш мың) теңге қарызына бір жолғы есеп жүргізсін; қаржыландыру кезінде Республикалық ұланның "Алматыоблауырқұрылыс" акционерлік қоғамына орындалған жөндеу-құрылыс жұмыстары үшін 15303 мың (он бес миллион үш жүз үш мың) теңге сомасындағы қарызын есепке алып, оны бюджеттің кіріс шығыс бөліктерінде көрсетсін.

2. Республикалық ұлан "Алматыоблауырқұрылыс" акционерлік

қоғамы орындаған жөндеу-құрылыс жұмыстары үшін кредиторлық қарызды қаржыландыру кезінде бюджеттен бөлінетін қаржы есебіне есептесін.

3. "Алматыоблауырқұрылыс" акционерлік қоғамы Республикалық ұланның дебиторлық қарызын осы қаулының 1-тармағында көрсетілген республикалық бюджетке төлемдер бойынша кредиторлық қарызды өтеу есебіне есептесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК